

Астана қаласы әкімдігінің
«Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
Қамқоршылық кеңес отырысының №2 хаттамасы

Күні: 8 тамыз 2023 жыл

Уақыты: сағат 18.00

Қатысқандар:

1. Шаханов Қазыбек Берикович – Қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Серик Алия Болатқызы – Қамқоршылық кеңес мүшесі
3. Саулебаева Эльмира Сисембина – Қамқоршылық кеңес мүшесі
4. Жунисбекова Самал Болатовна – Қамқоршылық кеңес мүшесі
5. Нуртазина Бақытгул Қойшыбекқызы - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
6. Амираева Жадыра Бекбергеновна - әлеуметтік педагог
7. Есетова Маржан Асылханқызы– бас есепші
8. Бейсекова Толқын Батырбайқызы – хатшы

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына жалпыға міндетті оқу қорынан берілетін көмекке жиналған құжаттарын қарастырып, шешім шығару;
2. Жекелеген санаттың балаларына әлеуметтік көмек көрсету.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша № 66 мектеп-лицейінің әлеуметтік педагогы Г.А.Станова сөз алды: жалпыға міндетті оқу қорынан берілетін көмекке атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушының құжаты қаралды. ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысының 3,5 тармағына өзгерістер енгізілді. Қағидалардың 1-тармағында көрсетілген санаттарға жатқызылған білім алушылар мен тәрбиеленушілерге киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын сатып алу үшін материалдық көмек ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың не кәмелеттік жасқа толған білім алушының өтінішіне сәйкес ақшалай нысанда жүзеге асырылады. Қаражаттың нысаналы пайдаланылуы олар сатып алынған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде білім беру ұйымына міндетті түрде растайтын құжаттар (төлем туралы түбіртектер, чектер, фото) өткізу міндеттеледі.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Саулебаева Эльмира Сисембина сөз алды: тапсырылған отбасының құжаттары қаралып, отбасының бар мәліметтерін ала отырып, құжаттарын қарастырып көмек беруге қарсылығым жоқ.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Серик Алия Болатқызы сөз алды: отбасының бар мәліметтеріне сәйкес, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 4 сынып оқушысы Кудабаяв Санжарға көмек көрсетуге қарсы емеспін.

Шешімі:

1. Қамқоршы ата-ананың өтінішін, құжаттарын қарастырып, дұрыстығына байланысты, өтініш берген ата-ананың баласына көмек көрсетілсін.
2. Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан берілетін қаражатты оқушылардың құжаттарының дұрыстығына сәйкес жұмсалуды қадағалау әлеуметтік педагог Г.Станова және бас есепші М.Есетоваға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Хатшы



Қ.Шаханов

Т.Бейсекова